

«Сиқырлы математика» вариативтік компонент

| № | Тақырыбы | Мақсаты | Әдіс-тәсілдері | дидактикалық ойын |
|---|-------------------------------------|--|---|--|
| 1 | «Сиқырлы математика әлеміне саяхат» | Балаларды математика және математика әлемінің сан қырлы сиқырлы тұстарымен таныстыру. Сиқырлы математика әлемінің қарапайым математикалық түсініктерді дамыту, математикалық білімін кеңейтіп, математикаға деген қызығушылығын арттыру. Логикалық ойлау қабілеттерін кеңейту. | сұрақ-жауап, көрсету. Жұмбақтар шешу. | «Бұл қай мезгіл?» шарты: ерекшеліктерін айту арқылы жыл мезгілін атау. |
| 2 | «Жыл мезгілдері мен айлары» | Жыл мезгілдерін атап, ерекшеліктерін сезіне отырып, мезгілді бағдарлай білуге үйрету. Жыл мезгілдерін және әр жыл мезгілінің айларын атап үйрету, реттілігін сақтау. | Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау, тапсырмалар орындау. | «Барлығы қанша?» шарты: жыл мезгілдерімен айларын ретімен атау, әр жыл мезгілінде қанша ай бар екенін айту, ай аттарын жаттау. |
| 3 | «Апта күндері» | Балаларға апта күндерін рет-ретімен атауды және әр апта күндерінің ерекшелігін сезініп, апта санамағын қайталату арқылы жаттату, үйрету. Жыл мезгілін, айды, аптаны қайталау. | Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау. | «Апта күндерін ата» шарты: санамақ санау арқылы апта күндерін жаттап айту. |
| 4 | «Тәулік бөліктері» | Тәулік бөліктерімен таныстыру. Тәулік бөліктерін ретімен атауды, сурет арқылы тәулік бөліктерін ажырата білуді үйрету, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. | Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау. | «Сен тәуліктің қай мезгілінде оянасың?» шарты: тәулік бөліктерін сурет арқылы ретімен орналастыру. |
| 5 | «Жемістер мен көкөністер» | «Біреу-көп» ұғымын түсіндіру. Өзара салыстырмалылық қасиеттерді үйрету. Тапсырмалар арқылы «Біреу-көп» заттарды ажырату. Ойын арқылы жемістер мен көкөністерді жинау, салыстыру. | Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын. | "Қайсысы көп " шарты: себеттегі жемістер мен көкөністерді көзбен көру арқылы қайсысы көп, қайсысы аз екенін ажырату. |
| 6 | «Заттардың ортақ қасиеттері» | Балаларды заттарды ортақ қасиеттері (пішіні, түсі, сандық құрамы) бойынша топқа біріктіруді үйрету және ажырата білуге дағдыландыру, білімдерін кеңейту. | Түсіндіру, сурет бойынша әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау. | "Салыстыр" шарты: берілген сурет бойынша заттардың ортақ қасиеттерін салыстырмалы түрде ажырату. |
| 7 | 1, 2, 3, 4, 5 реттік санау | Балаларға 1-ден 5-ке дейінгі сандарды тура және кері санауға үйретуді жалғастыру. Сандардың көршілерін атай білуге үйрету. Мезгілдер туралы ұғымды, логикалық ойлау қабілеттерін қалыптастыру. | Түсіндіру, сурет бойынша әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау. | «Көршісін тап» шарты: реттік санау барысында жоғалған сандарды тауып орнына қою. |
| 8 | «Жұп және тақ | Балаларды жұп және тақ сандармен таныстыру, | Түсіндіру, әңгімелеу, | «Жұп сандар мен тақ сандар» |

| | | | | |
|----|----------------------------|---|--|--|
| | сандар» | жұп, тақ ұғымын түсіндіру. Ойлау қабілеттерін дамыту, білімдерін толықтыру. Жұп және тақ сандарын ажырата білуге дағдыландыру. | сұрақ-жауап, ойын ойнау. | шарты: берілген сандардың жұп-тақ екенін ажыратып айту. |
| 9 | «Артық, кем, тең» | Балаларды $<$, $>$, $=$ таңбаларымен таныстыру. Салыстыру $<$, $>$, $=$ таңбаларын қоя білуге дағдыландыру. Артық, кем және тең таңбаларын таңбалай білуге машықтандыру. Логикалық қабілеттерін дамыту. | Көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау. | "Артық, кем, тең" шарты: сандарды салыстыру, артық, кем, тең белгісін қою |
| 10 | «Қарапайым есептер шығару» | $+$, $-$, таңбаларын еске түсіру арқылы 1, 2, 3, 4, 5 дейін қарапайым есептер шығару. Ойлау қабілеттерін, ойша есептеуге дағдыландыру. Тапсырмалар орындау арқылы таңбаларды дұрыс қолдана білуге үйрету. | Түсіндіру, таныстыру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау. | «Қосу және азайту» шарты: қосу және алу таңбаларымен берілген қарапайым есептерді шығару. |
| 11 | «6 саны және цифры» | Балаларды 6 санымен таныстыру. Берілген санды бөліктерге бөлуді үйрету. 5-ке дейінгі есептер шығару, сандарды қосып, азайтуға есептер шығару. Геометриялық фигураларды қайталау. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. | Сұрақ-жауап, сурет бойынша әңгімелеу, түсіндіру. | «Сана» шарты: сурет бойынша қанша моншақ болса, санша дөңгелекті салу. 6 санын санауды үйрету. |
| 12 | «Көңілді сандар» | 6-ға дейінгі сандардың орналасуы, 6 ға дейін тура және кері санау. 6 санының құрамын еске түсіру, таңбалай білуге дағдыландыру. Сандарды салыстыру, 6 санын 2 бөлікке бөлу. | Әңгімелеу, сұрақ-жауап, түсіндіру. | «Қанша бөлікке бөлінді?» шарты: сандарды салыстыру арқылы 6 санын 2 бөлікке бөлу. Қанша бөлікке бөлінгенін айту. |
| 13 | «7 саны және цифры» | 7 санын таныстыру. 7 санына дейін санау және кері санауды үйрету. 7 ге дейінгі сандарды қосып, азайтуға мысалдар шығару. 7 санын дауыстап айту. | Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау. | «Жеті қарақшы» шарты: сандарды санау арқылы «жеті қарақшы» жұлдызын салу, 7 санын салуды үйрету. |
| 14 | «Әлемнің 7 кереметі» | Балаларға 7 санын қайталату. 7 қат, 7 қарақшы, 7 қазына, 7 санына қатысты ырымдар мен тиымдарды айту, қайталату арқылы жаттату. 7 санын тура және кері санау. | Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, тәжірибе жасау. | «Жеті ата» шарты: балаларға 7 санын санату, жеті атасын атау. |
| 15 | «8 саны және цифры» | 8 санының жасалу жолын көрсету. 8-ге дейін санау, кері санау. Қосуға, азайтуға мысалдар шығару, салыстыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. | Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау, тәжірибе жасау. | «Адасқан сандар» шарты: сандарды реті бойынша сызып қосу, реттілін табу. |
| 16 | «Көршісін тап» ойыны | 8-ге дейінгі сандарды санау, қайталау, кері санау, 1 санын қосу, азайтуға жаттығу. Ауызша | Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын. | «Көршісін тап» шарты: реттік санау барысында жоғалған |

| | | | | |
|----|-------------------------|--|---|---|
| | | есептеуге, 8 санына дейінгі көршілес сандарды атауға, өз орындарына қо білуге баулу. | | сандарды тауып орнына қою. |
| 17 | "Сандар баспалдағы" | 8-ге дейінгі сандарды санау, қайталау, кері санау, 1 санын қосу, азайтуға жаттығу. Дейінгі және кейінгі сандарды білу. 8 қатарлы сандар баспалдағын санап айтып беру. | Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау. | "Сандар баспалдағы" шарты: сандарды екі қолдың көмегімен ойша санау, сандар баспалдағын жасау. |
| 18 | «9 саны және цифры» | Балаларды 9 санымен таныстыру. Берілген санды бөліктерге бөлуді үйрету. 9-ға дейінгі есептер шығару, сандарды қосып, азайтуға есептер шығару. | Әңгімелеу, сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын, тәжірибе жасау. | «Жұп сандар мен тақ сандар» шарты: берілген сандардың жұп-тақ екенін ажыратып айту. |
| 19 | «Пайдалы азақ-түлік» | 9 санын қайталау және таңбалау. 9 санының құрамын айту. 9 санын таңбалай білуге үйрету, қол қимылдарын дамыту. | Сурет бойынша әңгімелеу, жұмбақ, сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын. | «Адасқан сандар» шарты: сандарды реті бойынша сызып қосу, реттілін табу. |
| 20 | «10 саны және цифры» | 10 санының жасалу жолын және құрамын көрсету. 10 санының екі таңбалы сан екенін айтып түсіндіру. 10-ға дейін санау, кері санау. Қосуға, азайтуға мысалдар шығару, салыстыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. | Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау, тапсырмалар орындау. | «Сәйкесін тап» шарты: сурет бойынша берілген заттарды санау арқылы сәйкес сандарды табу. |
| 21 | "Қызықты математика" | Балаларды 1 ден 10 ға дейін жақсы санай білуге үйрету. 1-ден 10-ға дейін қосу мен азайту таңбалары арқылы есептер шығаруға дағдыландыру. | Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау. | "Тура және кері" шарты: 1 ден 10 ға дейін сандарды тура және кері санай білуге үйрету. |
| 22 | «Сиқырлы текшелер» | Балаларға есептеу материалын пайдаланып, ауызша қосу, азайту амалдарын орындату. Текшелерді пайдаланып берілген тапсырмаларды орындату. Санның , ондығын, бірлігін айыру. | Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау. | «Сиқырлы текшелер» шарты: текшелерді пайдаланып қосу және азайту амалдарын орындау, логикалық есептер шығару. |
| 23 | «Геометриялық пішіндер» | Пішіндер жайлы білімдерін бекіту. Пішіндерді қайталау, заттардың қандай пішіндерден тұратыны туралы айту. Тапсырмалар арқылы пішіндерден әр түрлі конструкция жасауды үйрету. | Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау. | «Қанша пішін?» шарты: сурет арқылы берілген заттар мен бейнелердің қанша геометриялық пішіндерден құралғанын санау, санды жазу. |
| 24 | «Сиқырлы пішіндер» | Геометриялық пішіндерді өмірдегі заттардан көріп айыра білуге үйрету, пішіндерден заттар құрастыру. Құрастырылған пішіндердің санын айту, жазу. | Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын. | «Құрылысшы» шарты: мозайкадан әр түрлі пішін, бейне құрастыру. |

| | | | | |
|----|---|--|---|--|
| 25 | «Геометриялық пішіндер және денелер | Геометриялық пішіндерден өз ойларынан және тапсырмалар арқылы денелер құрастыру, олардың кеңістіктегі орнын ажыратуға үйрету. Ойлау қабілеттерін дамыту. | Түсіндіру, сурет бойынша әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау. | «Жануарлар әлемі» шарты: геометриялық пішіндерден әр түрлі жануарлар құрастыру. Мысалы: аю, жылан, көбелек |
| 26 | «Кел санайық санамақ» | Балаларға сандарға байланысты санамақтар қайталату арқылы жаттату. Санауға деген қызығушылықтарын арттыру. Сандардың реттілігін есте сақтауға баулу. | Түсіндіру, сурет бойынша әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау. | "Тура және кері" шарты: 1 ден 10 ға дейін сандарды тура және кері санай білуге үйрету. |
| 27 | «Шартты өлшем» | Әр заттардың пішіндері, көлемдері бойынша өлшенетіндігі туралы мағлұмат беру. Заттарды салыстыру, өлшемдерін бір-бірінен ажырату. Логикалық қабілеттерін дамыту. | Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау, тапсырмалар орындау. | "Кім жылдам" шарты: суретке қарап, не бейнеленгенін айту. Заттардың шартты өлшемдері туралы салыстыру. |
| 28 | «Ұзындық» | Балаларды ұзындықты дұрыс өлшеуге, өлшеуіш құралдарымен таныстыру. Ұзындықты өлшегенде қаншаға, барлығы қанша сұрақтарына жауап беруге үйрету. | Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау. | «Ұзын-қысқа» шарты: берілген заттардың ұзын-қысқалығын айту. |
| 29 | «Заттарды салмағы бойынша салыстыру» | Балаларды «ауыр-жеңіл» ұғымдарын түсіндіру арқылы заттардың салмағы туралы білімдерін бекіту. Тапсырмаларды | Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау. | «Ауыр-жеңіл» шарты: сурет арқылы ауыр-жеңіл заттарды топтастыру. |
| 30 | «Үлкен-кіші», «Биік-аласа» | Таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен-кіші) және бойына қарай (биік-аласа) ажырату. Тапсырмалар арқылы «Үлкен-кіші», «Биік-аласа» ретімен орналастыру, атау. | Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау. | «Менің отбасым» шарты: отбасы мүшелерін атау, отбасы мүшелерінің үлкен-кіші адамдарының өз орындарын ажырату. |
| 31 | «Қарапайым мысалдар мен есептер шығару» | 1-ден 10-ға дейінгі сандарды пайдану арқылы жазбаша түрде және логикалық есептер шығаруға машықтандыру. Көрсетілген сандардың құрамын айту, көршісін табу. | Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын. | «Есепте» шарты: логикалық есептер шығару. |
| 32 | «Жұмбақ есептер» | Берілген жұмбақты шешу арқылы есептің шешуін табу. Логикалық есептер шығаруға баулу, ойлау қабілеттерін дамыту. | Түсіндіру, сурет бойынша әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау. | «Кім тапқыр» шарты: педагог жұмбақ есептер жасырады, балалар жауабын тез тауып айтады. |
| 33 | «Графикалық диктант» | Оң және сол ұғымдары арқылы берілген нүкте бойынша төркөзді есептей отырып графикалық диктантты жазуға үйрету. Графикалық диктантты жазу кезінде ережені мұқият сақтауға дағдыландыру. | Түсіндіру, сурет бойынша әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау. | «Бұл не?» шарты: нүкте бойынша төркөзді есептей отырып графикалық диктантты жазуға үйрету, нәтижесінде қандай жануар немесе қандай бейненің шыққанын айту. |
| 34 | «Кеңістікті бағдарлау» | Балаларға кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Оңын және солын танып білуді еске түсіру. Оң | Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау. | «оң-сол» шарты: педагогтың нұсқауы бойынша |

| | | | | |
|----|---------------------------|--|---|--|
| | | жақ жоғары, оң жақ төмен, сол жақ жоғары, сол жақ төмен бағдарлай білуді терең меңгерту. Нұсқауды орындай отырып тапсырманы таза және ұқыпты орындау. | | балалар кеңістікті бағдарлайды. Оң-солын ажыратып үйрету. |
| 35 | «Қағаз бетінде бағдарлау» | Балаларға оң-сол, жоғары-төмен ұғымдары арқылы ақ қағаз бетіне кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Нұсқауды орындай отырып қағаз бетіне таза әрі ұқыпты жазуды дағдыландыру. | Көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау. | «Бағдарлау» шарты: ақ қағаз бетіне кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. |
| 36 | " Математика әлемі" | Балалардың жыл бойына алған білімдерін тексеру. Ұғымдарды дұрыс қолдана білулерін бақылау, геометриялық, графикалық диктант арқылы балалардың кеңістікте бағдарлау дағдыларын тексеру. Сиқырлы математика әлемінің сан қырлы қырларын меңгергендігін, балалардың білімдерін тексеру, бекіту. | Түсіндіру, таныстыру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау. | «Кім тапқыр?» шарты: берілген сурет бойынша бейнеленген заттардың жалпы санын, кеңістікте орналасуын, шартты өлшемдерін тез тауып айту. білімдерін пысықтау. |

«Сиқырлы математика» вариативтік компонент аптасына 1 сағат, барлығы 36 сағат.